

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының әкімінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 01 наурызда № 5274 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының әкімінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының әкімінің 20.06.2017 № 20 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Темір аудандық аумақтық инспекциясы бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 14-01/40 ұсынысы негізінде, Темір қаласы әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдары арасында құтыру ауруының анықталуына байланысты, Темір қаласы аумағындағы "Аққұдық" қыстағында орналасқан "Тама Есет батыр" шаруа қожалығы аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Темір қаласының әкімі

А.Қоқанов